

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

2025 жылғы жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтері бойынша тарифтік сметаны орындау және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп.

Көкшетау қаласы әкімдігі жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны - Көкшетау қаласын жылумен жабдықтаудың негізгі көзі болып табылады және қолданыстағы бас лицензияға сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтаумен айналысады.

Кәсіпорын Көкшетау қ., Красный Яр а. мен Станционный к. жылумен қамтамасыз етеді. Тарифтерді қалыптастыру бөлігінде кәсіпорын табиғи монополиялар субъектісі ретінде «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Тарифтерді қалыптастыру ережелерін» басшылыққа алады, заңнамаға сәйкес жариялылық пен ашықтық принциптерін ұстанады, тарифтердің өзгеруі туралы тұтынушыларды заңнамада белгіленген мерзімде хабардар етеді, жыл сайын табиғи монополиялар саласындағы өз қызметі туралы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптар алдында есеп береді.

Кәсіпорын туралы шағын ақпарат

Кәсіпорын құрамына: 1-АҚ, 2-АҚ, Көкшетау-2 станциялық кентінің қазандығы, Красный Яр а. қазандығы, Облыстық аурухана қазандығы кіреді.

«Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК қазандықтарының қуаттылығы **655 Гкал/сағ** құрайды.

Қазіргі уақытта жылу желілерінің жалпы ұзындығы (қос құбырлы нұсқада) **191 км** құрайды, оның ішінде: магистральдық желілер – **50,9 км**, кварталішілік желілер – **140,1 км**.

Мен сіздерге бекітілген тарифтік сметаның 2025 жылға арналған жылу энергиясын өндіру қызметтері жөнінде тараулар бойынша орындалуы туралы ақпаратты ұсынамын. Онда тарифтік сметаның кейбір тараулары бойынша нақты шығындар тарифтерде ескерілген шығындардан айтарлықтай асып түседі. Шығындардың өсуіне жалпы алғанда материалдардың, ЖЖМ құнының өсуі, күрделі жөндеуден кейін негізгі құралдарды пайдалануға беру, жөндеу жұмыстары көлемінің артуы, ағымдағы жөндеуге арналған қызметтер мен материалдар құнының өсуі, коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі, сақтандыру жарналарының артуы және т.б. себеп болды.

2025 жылғы негізгі тараулар бойынша шығындар.

«Тауарларды өндіру шығындары» тарауы.

2025 жылы жылу энергиясын өндіруге жоспарланған шығындар **10,2 млрд. теңгені** құраса, нақты шығындар **11,7 млрд. теңге** болды, бұл жоспардан **15%-ға** жоғары.

Шығындардың артуының негізгі себебі – Коммуналдық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасына қатысу және кәсіпорын балансына жаңа жылу желілерін беру есебінен амортизацияның өсуі, дизель отыны мен материалдар бағасының көтерілуі.

«Шикізат және материалдар» тарауы.

Бұл бапқа жылу энергиясын өндіруге байланысты шығындар кірді, олар бойынша жоспарланған шығындар **331,5 млн. теңгені** құраса, нақты шығындар **341,5 млн. теңге** болды, бұл бекітілгеннен **3%-ға** жоғары. Бұл тарауға шығындардың келесі түрлері кірді:

«Су»

Жоспарланған — **47,4 млн. теңге**, нақты шығындар **45,1 млн. теңгені** құрады, **4,9%-ға** азайған, оның ішінде шығындар:

- Техникалық су – жоспар бойынша **724 мың м3** болғанда, шығындар **21 млн. теңгені** құрауы керек еді, нақты шығындар **692 мың м3** көлемінде **20,1 млн. теңге** болды, **4,4%-ға** азайды.
- Шаруашылық-ауыз суы – жоспар бойынша **101,7 мың м3**, сомасы **13,8 млн. теңге** болғанда, нақты шығындар **105,6 мың м3** көлемінде **13,2 млн. теңгені** құрады, **4,9%-ға** азайды.
- Кәріз сулары – жоспар бойынша **120,9 мың м3**, сомасы **12,5 млн. теңге** болғанда, нақты **120,8 мың м3** көлемінде **11,8 млн. теңгені** құрады, азаю **5,7%-ды** құрады.

«ЖЖМ»

Жоспарланған **162,8 млн. теңге**, нақты шығындар **170,7 млн. теңге**, **4,8%** артты, шығындар құрады:

- **Аи-92 бензині** – в тарифтік сметада **38 млн. теңге** сомасына **185,1 мың. литр** бекітілген, нақты шығындар **30,8 млн. теңге** сомасына **150 мың. литр**, **18,9%-ға** азаю.

- **Дизель отыны** – жоспарланған **108,1 млн. теңге** сомасына **403 мың. литр** нақты шығындар **123,2 млн. теңге** сомасына **403,1 мың. литр**, **13,9%-ға** асты. Басқа ЖЖМ – жоспарда бекітілген - **16,6 млн. теңге**, нақты шығын **16,6 млн. теңгені** құрады.

ЖЖМ бабы бойынша **7,9 млн. теңге** сомасына асу **дизель отынының** бағасының көтерілуінен болды.

«Химреагенттер мен материалдар»

Жоспарланған шығындар **121,3 млн. теңге**, нақты шығындар **125,8 млн. теңгені құрады**. Шығындардың **4,5 млн. теңгеге** өсуі автокөліктердің қосалқы бөлшектерін (моральды және физикалық тұрғыда тозған автокөліктер мен арнайы техника), сондай-ақ **2-АҚ көмір үккіш шарлары мен шар-барабанды диірменді сатып алу есебінен болды**.

«Отын» тарауы

Жылу энергиясын өндіруге арналған жоспарлы шығындар барлығы **5,2 млрд теңгені құрады**, іс жүзінде **5,0 млрд теңгеге** отын жұмсалды, оның ішінде: **көмір** – жоспарлы шығындар **2,9 млрд теңге** болғанда, нақты шығындар **2,8 млрд теңгені құрады**; төмендеу **71,6 млн теңге** немесе **2,4%**; **мазут** – жоспарлы шығындар **2,3 млрд теңге** болып бекітілді, нақты шығындар **2,2 млрд теңгені құрады**, бұл бекітілген көрсеткіштен **3,1%-ға** төмен.

«Отын» тарауы бойынша нақты шығындардың жоспардан жалпы азаюы **2,7%-ды** құрады.

Нақты шығындардың азаюы 2025 жылғы сыртқы ауа температурасының өзгеруіне байланысты болды: норма **-5,2°C** болғанда, нақты температура **-2°C-ты** құрады.

«Электр энергиясы» тарауы

Тарифтік сметада электр энергиясына жұмсалатын шығындар **79,7 млн кВт** көлемінде, **3,57 млрд теңге** сомасына бекітілген болатын.

«Электр энергиясы» тарауы бойынша нақты шығындар **79,2 млн кВт** көлемінде, **3,56 млрд теңге** сомасын құрады, бұл жоспарланғаннан **0,25%-ға** аз.

«Өндірістік персоналға еңбекақы төлеу бойынша шығындар» тарауы

2025 жылға бекітілген тарифтік сметада өндірістік персоналды еңбекақы төлеу шығындары **2,8 млрд теңгені құрады**, оның ішінде өндірістік персоналдың жалақысы – **2,4 млрд теңге**, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар – **263,4 млн теңге**, МӘМС – **69,4 млн теңге** және кәсіподақ жарналары – **99 млн теңге**.

2025 жылға өндірістік персоналға еңбекақы төлеу бойынша нақты шығындар **2,7 млрд теңгені құрады**, оның ішінде өндірістік персоналдың жалақысы – **2,3 млрд теңге**, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар – **245,9 млн теңге**, МӘМС – **67,6 млн теңге** және кәсіподақ жарналары – **101,8 млн теңге**, бұл **1,9%-ға** аз. Шығындардың төмендеуі Кәсіпорындағы кадрлардың ауысуына және 2025 жыл ішінде бос лауазымдардың болуына байланысты.

«Тарифтік сметада өндірістік персоналдың орташа еңбекақысы **322 773 теңге** деңгейінде бекітілді, жыл қорытындысы бойынша іс жүзіндегі орташа айлық жалақы **322 916 теңгені** құрады, бұл бекітілген деңгейден **143 теңгеге** немесе **0,4%-ға** жоғары. 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап, Ақмола облысы бойынша 2024 жылғы атаулы жалақы туралы статистикалық деректер негізінде, өндірістік персонал жұмысшыларының еңбекақысы **15%-ға** көтерілгенін атап өткен жөн.

Кәсіпорында кадрлар тұрақсыздығы бар: өндірістік персонал жұмысшыларының жоспарлы саны **616 адам** болса, іс жүзіндегі саны **606 адамды** құрады; 2025 жыл ішінде **140 адам** жұмыстан шығып, **130 адам** жұмысқа қабылданды, олардың ішінде келесі біліктіліктер бойынша қызметкерлер бар:

- қазандықтың қосалқы жабдықтарының аралаушы-машинистері,
- газ-күл-аулаушы қондырғылардың аралаушы-машинистері,
- тозаң дайындау жүйесінің машинистері;
- электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр монтерлері;
- БӨАж/еА жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр ұсталары;
- сорғы қондырғыларының машинистері.

«Амортизация» тарауы

Тарифтік сметада жоспар бойынша **645 млн. теңгені** құрағанда, амортизация **2,2 млрд. теңгеге** есептелген. Шығындардың **1,6 млрд. теңгеге** артуы Коммуналдық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында 2025 жылғы инвестициялық бағдарлама іс-шараларының ұлғаюымен, сондай-ақ «Көкшетау қаласының құрылыс тарауы» ММ-нен балансқа жаңа жылу желілерін қабылдаумен байланысты болды.

«Жөндеу» тарауы

Негізгі құралдардың құнын өсіруге әкеп соқпайтын жөндеу жұмысының тарифтік сметасында **244 млн. теңге** бекітілген. 2025 жылы **244 млн. теңге** сомасына жөндеу жұмыстары орындалды, бұл 100% орындалуды құрайды.

Келесі негізгі жұмыстар атқарылды:

- 1-АҚ, 2-АҚ, жергілікті қазандықтардың жылу көздерін жөндеу. (Қыздыру беттерінің құбырлы блоктарын жөндеу; конвективті бөліктің пакеттерін жөндеу; шикі көмір бункерін ауыстыру. 1-АҚ, 2-АҚ теміржол кірме жолдарына жөндеу жүргізілді.)
- ХЖСТ жабдықтарын, жылу желілерін және желілік сорғыларды жөндеу, басқа да жұмыс түрлері. Жылу желілерін жөндеу - Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Станционный кентінде жылу трассасын монтаждау жұмыстары орындалды.

«Өндірістік сипаттағы қызметтер» тарауы

Тарифтік сметада **116 млн теңге** бекітілген. 2025 жылға жұмсалған шығындар сомасы **122 млн теңгені** құрады, бұл қызметтерге тауарлар мен жұмыстарға бағаның өсуіне байланысты **6 млн теңгеге** немесе **5,1%-ға** артқан. Оларға мыналар жатады: қазандықтарға техникалық қызмет көрсету, технологиялық жабдықтарға бөлшектер дайындау қызметтері, құрылыс қызметіндегі техникалық қадағалау қызметтері, жылжымайтын мүлікті күтіп ұстау, жазатайым оқиғалардан сақтандыру қызметтері, арнайы техника кузовтарын жөндеу қызметтері, маркшейдерлік қызметтер.

«Басқа да шығындар» тарауы.

2025 жылдың тарифтік сметасында басқа да шығындар сомасы **206 млн теңгені** құрады, оның ішінде экологиялық салық – **169,5 млн теңге** және еңбекақы – **37 млн теңге**.

«Басқа да шығындар» бабы бойынша іс жүзіндегі шығындар **211 млн теңгені** құрады, оның ішінде: экологиялық салық – **168,5 млн теңге** және еңбекті қорғау – **43 млн теңге**.

Шығындардың **4,8 млн теңгеге** немесе **2,4%-ға** артуы еңбекті қорғау шығындарының көбеюіне байланысты болды (арнайы тамақтану, арнайы киім, шаруашылық-тұрмыстық тауарлар – сабын, кір жуу ұнтағының бағасының өсуі).

«Кезең шығындары» тарауы.

Жоспарланған **502 млн теңгенің** орнына кезең шығындары **495 млн теңгені** құрады. Шығындардың бұл тарау бойынша **-1,5%-ға** азаюы тарифтік сметаның келесі шығын тарауы бойынша орын алды:

- әкімшілік персоналдың «Еңбекақы» тарауы бойынша: жоспар **158 млн теңге** болса, нақты шығын **155 млн теңгені** құрады, азаю – **1,9%**.
- өткізу бөлімінің әкімшілік персоналы бойынша: жоспар **78,9 млн теңге** болса, нақты шығын **75,9 млн теңгені** құрады, азаю – **3,8%**.
- «Консультациялық, маркетингтік және ақпараттық қызметтер» тарауы бойынша: жоспар **4,2 млн теңге** болса, нақты шығын **2,1 млн теңгені** құрады, азаю – **51%**.
- әкімшілік персоналдың «Амортизация» тарауы бойынша: жоспар **7,4 млн теңге** болса, нақты шығын **5,6 млн теңгені** құрады, азаю – **24%**.

Тарифтік сметадағы жалпы шығындар **10,7 млрд теңге** сомасында бекітілген. Нақты шығындар **12,2 млрд теңгені** құрады. Көрсеткіштің **14%-ға** артуы Кәсіпорынның 2025 жылғы амортизациясына, жанар-жағармай материалдары мен шикізат бағасының өсуіне байланысты болды.

2025 жылғы жылу энергиясын өндіру көлемі жоспарланған 1 556 мың Гкал-дың орнына нақты 1 258 мың Гкал-ды құрады. Азаю 19%-ды немесе 298 мың Гкал-ды құрады.

Жылу энергиясын өткізу жоспары **1,3 млн Гкал** болып бекітілсе, нақты өткізу көлемі **951 мың Гкал-ды** құрады, бұл жоспардан **30%-ға** төмен.

Негізгі қызметтен (жылу энергиясын өткізуден) түсетін жоспарлы табыстар **6,3 млрд теңге** сомасында бекітілген, нақты табыстар **4,3 млрд теңгені** құрады. Табыстың жоспардан төмендеуі **2 млрд теңге** болды. Табыстың төмендеуі келесі себептерге байланысты:

- Өндіріс көлемінің азаюы;
- Жылу энергиясын тұтынушылар топтары арасында сараланған тарифтерді қолдану;
- Уақытша өтемдік тарифтердің қолданылуы.

Анықтамалық мәлімет: **2021 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 31 желтоқсанға** дейінгі өтемдік тарифтердің қолданылу кезеңінде Кәсіпорын **5,4 млрд теңге** соманы өтеді (есептемеді).

2025 жылға бұрын бекітілген **1,8 млрд теңге** сомасындағы өтемдік тарифтерге қосымша, **2024 жылғы** тарифтік сметаны орындамағаны үшін ТМРКД -ның **2025 жылғы 16 қыркүйектегі №103-ОД** бұйрығымен кәсіпорынға **2,5 млрд теңге** мөлшерінде жаңа өтемдік тариф бекітілді, жиынтығында **2025 жылы** өтемақы **4,3 млрд теңгеден** асты.

Барлығы **5 жылда, 2021 жылдан 2025 жылға** дейін өтемақы сомасы (қосымша есептеу жасамау) **9,7 млрд теңгені** құрады.

Бекітілген тариф **4 637,50 теңге/Гкал-ды** құраса, нақты тариф **4 521,22 теңге/Гкал-ды** құрады, бұл бекітілген тарифтен **2,5%-ға** төмен.

Қаржылық нәтиже – реттелетін қызмет түрі бойынша шығын **2 млрд теңге** көлемінде болды.

Кәсіпорынның шығынды болуының негізгі себептері:

- өтемдік тарифтердің қолданылуы;
- тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді қолданудан келген шығын;
- техникалық жағынан ескірген жылу көздері мен жабдықтар, жылу желілері (күрделі жөндеусіз ұзақ пайдалану мерзімі);
- жылыту күндерінің азаюы, температуралық режим («жайлы қыс»).

2025 жылғы инвестициялық бағдарламаны орындау бойынша ақпарат

2025 жылғы инвестициялық бағдарламаның бекітілген іс-шаралар жоспарының тізімі мен орындалуы.

- «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша **150,6 млн. теңге** сомасында несиені қайтару – 100%-ға орындалды;
- Магистральдық және кварталішілік жылу желілерінің құбырларын ПКО-ға ауыстыру, сомасы **43,2 млн теңге** – орындалуы 100%;
- Орталықтан тепкіш сорғыларды ауыстыру, 2 бірлік, сомасы **6,6 млн теңге** – 100% орындалды;
- №8 қазандық агрегатының бұрылмалы камерасының құбырлы блоктарын және артқы экран фикстондарын құбырлы кірістірмелерді ауыстыра отырып, **4,1 тонна** көлемінде ауыстыру, сомасы **5,1 млн теңге** – 100% орындалды;
- №9 қазандық агрегатының түтін сорғышын жұмыс дөңгелегін ауыстыра отырып жөндеу, 1 дана, сомасы **16,9 млн теңге** – 100% орындалды;
- Электр қозғалтқышымен жиынтықталған 1250/140/11 желілік сорғыларын ауыстыру, 2 бірлік, сомасы **41,9 млн теңге** – 100% орындалды;
- №10 қазандық агрегатының ШБМ-10А, 10Б сыналы және радиалды сауыттарын ауыстыра отырып жөндеу, сомасы **11,5 млн теңге** – орындалуы 100%;
- Ду400 РУ2,5 ысырмаларын электрлі редуктормен ауыстыру, 4 дана, сомасы **15,8 млн теңге** – орындалуы 100%;
- ШБМ-8Б 287/410 жиынтығында жетекші тісті дөңгелек қондырғысын ауыстыру, сомасы **18,1 млн теңге** – орындалуы 100%;
- №1, №2 және №3 РМХ жылу оқшаулағышын жөндеу, сомасы **23,8 млн теңге** – орындалуы 100%;
- №10 қазандық агрегатының скрубтерінен электр сүзгісіне дейінгі жылу оқшаулағышын жөндеу, сомасы **4 300,00 мың теңге** – орындалуы 100%;
- Асинхронды электр қозғалтқышын ауыстыру, сомасы **3,0 млн теңге** – орындалуы 100%;
- Ұзындығы 335 м шаруашылық-ауыз су құбырын және ұзындығы 68 м 2-АҚ қысымдық кәрізін ауыстыру, сомасы **7,1 млн теңге** – орындалуы 100%;
- №8, №9, №10 қазандық агрегаттарының қыздыру беттерін, №9 қазандық агрегатының ауа үрлегіш текшелерін жөндеу, №8, №9, №10 қазандық агрегаттарының иірмелі шлам ұстағышын жөндеу, сомасы **737,7 млн теңге**. Жөндеу 100% орындалды.

ҚР Үкіметінің 25.12.2024 жылғы № 1102 Қаулысымен бекітілген «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Кәсіпорын келесі жұмыс түрлерін орындады:

Ж. Саин көшесі бойынша 2Ду 500 мм-ден 2Ду 500 мм-ге дейінгі ТМ-1 жылу магистралін салу және реконструкциялау, ұзындығы – **104 м**, сомасы **196,2 млн теңге**. Іс-шара орындалды.

Потанин көшесі - Байтұрсынов көшесі бойынша 2Ду 500 мм-ден 2Ду 700 мм-ге дейінгі жалғастырушы жылу магистралін салу және реконструкциялау – ұзындығы **81 м**, сомасы **105,76 млн теңге**. Іс-шара орындалды.

Тапсырыс беруші болып табылатын «Көкшетау қаласының құрылыс бөлімі» ММ-мен қосымша инвестициялық бағдарлама бойынша келесі іс-шаралар орындалды:

1. №10 су ысытушы ұнтақ-көмір қазандығының ТПБАЖ-ны (технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі) ауыстыру, сомасы **319,9 млн. теңге**. Жұмыстар 100 % орындалды,

ТПБАЖ-ны енгізу бұл - жабдықтың сенімді және тұрақты жұмысы, адами фактордың әсерін азайту, отын мен ресурс шығынын азайту, сонымен қатар апатты жағдайларды азайту.

МАЖ (мониторингтің автоматтандырылған жүйесі) **307,7 млн. теңге** сомасына – 100% орындалды.

МАЖ кәсіпорынның және экологиялық қауіпсіздігі мен энергия тиімділігін арттыра отырып, нақты уақыт режимінде шығарындылар нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

2025 жылғы инвестициялық бағдарламаның орындалу нәтижелері:

- Көкшетау қаласының тұрғындарын сапалы және үздіксіз жылумен қамтамасыз ету.
- Ж.Саин және Потанин көшелері бойындағы жылу магистралінде апатты жағдайларды 100% азайту.
- Кәсіпорын жабдықтарының тұрақты түрде жұмыс жасауы.
- Экологиялық қауіпсіздіктің артуы.

Бас директор



Р.А. Макишев